



ӨОЖ 325.254.6(574)

ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ХАЛЫҚТАР
ТІЛДЕРІНІҢ ТАҒДЫРЫ

Фиерман Уильям
Индиана университеті, АҚШ

АБСТРАКТ

Бір қарағанда, Қазақстанға депортацияланған халықтардың тілдерінің ішінде дамушы тілдер де бар, олар – неміс және көріс тілдері. Алайда, бұл тілдердің негізі байырғы халық тілдерінен ерекшеленеді. ҚР-ның жан-жақты қолдауына қарамастан, алдағы он жылда бұл тілдерді қолданушылар саны азаятын секілді. Қазақстанға жер аударылған ұлттардың тілі мен мәдениетінің жағдайы, Құрама Штаттың байырғы халқы тілі жайлы қайғылы оқиғасын еске түсіреді. Басты ерекшелік, АҚШ-да ағылшын тілі басым болып табылады, ал Қазақстанда қазақ тілінің жағдайы мез емес.

Негізгі сөздер: тіл, Қазақстан, депортацияға ұшырағын адамдар, тұрғылықты (коренные) американдықтар

Мен 1930 жылдардың соңы мен 1940 жылдардың басында Кеңес Одағының шет жерлерінен Қазақстанға депортацияланған халықтардың тілдеріне қатысты мәселеге назар аударғым келеді. Әлбетте, депортацияға ұшыраған әр халықтың өз ана тілі болғаны рас. Әр халықтың ана тілі, әдетте, ол халық өкілдерінің тұлғалық болмысының негізгі ұрпақтарының болып табылатындығы баршаға мәлім. Бұл депортацияланған халықтардың ұрпақтарының біразы Қазақстаннан өздерінің тарихи отанына кетіп қалғанымен, қалған көптеген өкілдері Тәуелсіз Қазақстанның азаматтары болып тұрып жатыр. Тәуелсіз Қазақстанда бұл тілдердің тағдыры мен болашағы қандай жағдайда екен?

Қазіргі кезде Қазақстан 100-ден астам этникалық топтан тұратын халықтарға ортақ Отан болып табылады, ал соның ішінде екі топ олардың басым бөлігін құрайды, олар – қазақтар мен орыстар. Басқа этникалық топтар Қазақстан тұрғындарының шамамен 13 пайызын ғана құрайды. Өз кезегінде, аталған кездегі депортацияланған халықтардың ұрпақтары осы 13 пайыздың тек кішкене бөлігін ғана құрайды.

Немістер – Қазақстанға жіберілген және әлі де Республика территориясында тұрып жатқан этникалық топтардың сан жағынан ең көбі, алайда олардың өзі 200 мың адамды, яғни жалпы халық санының бір пайыздан астамын ғана құрайды. Көрістер, саны жағынан екінші орында, олардың саны шамамен 100 мың, яғни жалпы санның нөл бүтін оннан алты пайызын (0,6%) құрайды. Одан басқа депортацияланған диаспоралардың ел аумағында қалған бөлігі он мыңдаған не одан да аз адам санын құрайды. Осылайша, барлығы қосылып, Қазақстан тұрғындарының жалпы санының екі-үш пайызы арасындағы көрсеткішті береді.

1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың басында кеңестік режим орыс тілінен басқа да өзге тілдерді дамытуға ерекше назар аударды, алайда, жаппай депортация кезеңіне қарай аталған саясат тоқтап қалды. Тіпті Орта Азиядағы Кеңестік республикаларда да 1930 жылдардың ортасынан бастап, титулды тілдердің маңыздылығы төменгі деңгейде қарастырылды. Ал жер аударылған халықтардың тілдері өте нашар жағдайда еді, себебі бұл тілдер тіпті бастауыш білім беруде де қолданылмады. Тіпті Хрущев пен Брежнев жылдарында депортацияланған халықтар кеңес өкіметі тарапынан жартылай ақталғанымен, бұл халықтардың ана тілдері мемлекет тарапынан еш қолдау таба алмады.

Егемендік алғалы бері Ел басшылығы Қазақстанның этникалық қазақтарының тарихи отаны және оның барлық тұрғындарының қазіргі заманғы отаны ретіндегі рөлдерін теңдей ұстауға үлкен назар аударды. Барлық тұрғындардың ішіне, әлбетте, жер аударылған ұлттар өкілдері де кіреді. Қазақстанның тілдік саясаты негізінен орыс және қазақ тілдерін, кейіннен ағылшын тілін де қамтығанымен, 1997 жылғы ҚР Тілдер туралы Заңы сөйленетін өзге де тілдерді және азаматтардың ол тілдерді қолдану құқығын қорғауға кепілдік береді.

Өкінішке орай, Совет кезеңінде және Тәуелсіз Қазақстанда жиналған тілдер жайындағы санақ мәліметтері тілдерді білу және қолданылу дәрежесі жайында нақты ақпарат бермейді. Санақ кезінде, жекелеген этникалық топтарға жататын азаматтар әдетте сол топтың тілін, өзі білмесе және қолданбаса да, өз «ана тілім» деп көрсетеді. Осылайша, мысалы, мен Қазақстанда мынандай жағдайды жиі кездестіремін: мен қазақтармен қазақша сөйлескенімде олар орысша



«Извините, но я своего родного языка не знаю» деп жауап береді. Сондықтан да меніше, тіл бойынша санақ мәліметтерімен жұмыс істеу кезінде аса үлкен сақтық таныту керектігі. Осылайша, айталық, Қазақстандық көріс азаматтарының ана тілім көріс тілі деп жауап беруі оның шын мәніндегі тіл репертуары мен қолдану деңгейі жайлы мүлдем аз мағлұмат береді.

Қандай жағдай көрінуі мүмкін. Себебі, бұл тілдердің негізінен халықтардың тілдері қарқынды дамып жатқандықтарына қатысты, сонымен қатар поляктар мен гректер де бұл санаққа кіреді. Жабандық топтарына қатысты, сонымен қатар поляктар мен гректер де бұл санаққа кіреді. Жабандық тұрғыда неміс, корей, поляк, грек тілдерінің барлығына да ешқандай жойлу қауіпі төнбейді.

Егер біз аталған «жақсы жаналықтарға» тереңірек үңілер болсақ, әлдеқайда күрделі және пессимисттік жағдайға тап боламыз. Қазіргі Қазақстандық көрістердің көпшілігін аталарының тілі Корей Мар болған. Корей Мар қазіргі Оңтүстік Кореяда қолданылатын Корей тілінен біршама өзгеше. Әлбетте, Қазақстан тұрғындары қазір Корей тілінің Сеул нұсқасын үйренуге тырысады. Ал Корей Мар тек Корей тілінің диалектісі ма, әлде жеке тіл ма деген сұрақтың жауабы тек субъективті.

Тіл және диалектінің арасындағы айырмашылық неде? Оны айқындауға ғылыми тұрғыдан жауап жоқ. Кейбір лингвистердің пікірі бойынша, тіл – ол жалауы немесе армиясы бар диалект. Бұл жауап қалжың ретінде айтылғанымен, тіл мен диалект арасындағы айырмашылық шынменен саяси факторлармен анықталады. Қандай жағдай болмасын, Қазақстанға депортацияланған корей тілінің бір диалектісі немесе туыстас тіл гүлденіп жатпағаны анық. Оның үстіне, Қазақстандық көрістер Корей түбегіне немесе Ресейдің Қызыл шығысына көшіп барып жатпағанымен, олар сөйлеген тілді олардың аталары «өз тілім» деп танымас еді. Корей түбегіндегі корей тілі тірі әрі гүлдену үстінде және көптеген Қазақстандық көрістер оны үйреніп жатыр. Алайда, Корей Мардың тағдырына жоғалып кету жазылғанға ұқсайды.

Қазақстанға жер аударылған көрістер секілді, немістер де Қазақстанға стандартты неміс тілінен өзге диалектімен келді. Қазақстанға депортацияланған немістер біз олардың отаны деп санайтын Орталық Еуропадан ғасырлар бойы жырақта өмір сүрген. Бұл жерде де олардың өз тілдері болды ма, әлде неміс тілінің диалектісінде сөйледі ма деген сұрақ туындайды. Қалай болғанда да, неміс халқының депортацияланған ұрпақтары өз аталарының тілін емес, көрістер секілді «лингвистикалық отаны» болып саналатын Германияның стандартты неміс тілін үйренді. Алайда, көрістерден айырмашылығы, немістердің басым көпшілігі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстаннан көшіп кетті. Олардың барлығы Германияға көшті, ішінара Ресейге көшкендері де бар. Қалай болғанда да, неміс тілі Германияда өркендеу үстінде, ал Қазақстандағы немістер де, неміс еместер де стандартты неміс тілін үйренеді. Оның үстіне, Германияның кей жерлерінде Қазақстанға жер аударылған немістердің диалектісіне ұқсайтын Швабтық диалект дамып жатыр. Алайда, Қазақстанда сөйленген неміс тілінің ерекше диалектісі болашақта жоғалып кететін түрі бар.

Ал «грек» халқын айтатын болсақ, Қазақстанға негізінен, Краснодар, Қырымнан, Грузиядан күштеп көшірілген. Олардың Понтиялық грек тілдері Грециядағы стандартты тілден ерекшеленеді. Әрине, грек тілі тәуелсіз Еуропалық Грецияда дамып келеді, алайда Қазақстандағы грек тілінің ерекше нұсқасы жойылып барады. Менің білуімше, Греция, Польша, Германия, Корея елінің үкіметтері сыртқа күштеп көшірілген халық тілдерінің түрлері және диалектілерін дамытуға күш салмайды.

Қазақстанға шалғай ата жұрттарынан жер аударылып келген халықтардың ішіне еврейлерді де қосуға болады. Алайда, қазақстандағы еврейлердің басым бөлігіне Израилде қолданылатын қазіргі заманғы иврит тілі белгісіз болғандықтан, оларды мен жер аударылған тілдер қатарына қоспауды ұйғардым. Сонымен қатар, еврейлердің басым бөлігі жер аударылғандарға қарағанда өзге жағдайларда көшіп келген, келгендердің көпшілігі орыс тілділер болды, кейбір жағдайда ғана кейбіреулері Идиш тілін білетіндер еді. Кез келген жағдайда, Қазақстанда идиш тілі бүгінгі таңда жоғалуда, себебі Қазақстандық еврейлердің басым бөлігі елді тастап кетті, ал Қазақстанда қалғандары Идиш тілін білмейтіндер және орыс тіліне ауысып кеткендер.

Аталған халықтар тізімінің соңында КСРО аумағынан тыс ата жұрттарынан жер аударылып келген күрдтерді де айтуға болады. Әрине, ешқандай тәуелсіз Күрдістан мемлекеті



жөк, бірақ қазіргі уақытта күрдтер Иракта белгілі бір деңгейде өзін-өзі билеу құқығына ие, тіпті Түркияда да соңғы жылдары күрд тілі біршама мойындалуда. Берілген мәліметтерге сүйенген болсақ, күрд тілі Қазақстанда әлі де қолданыста деп айтуға болады. Себеңтері толығымен белгілі емес, бірақ оңтүстік Қазақстан облысының ауылды жерлерінде шоғырлануының салдары деп айтуға болады. Біздің ойымызша, олардың тілі солтүстік күрдтердің диалектісі, ал Түркияда қолданылатын немесе Қазақстанға жер аударылғандардың ата қонысы Армениядағы немесе Әзірбайжандағы кең таралған күрд тіліне қаншалықты жақын екені туралы мәңде ешқандай мәлімет жоқ.

Қазақстанға жер аударылған халықтардың ішінде үшеуі 1991 жылы Совет Одағының құлдырауынан кейін тәуелсіз мемлекетке айналған одақтас мемлекеттерден келді. Олар беларустар, армян және әзірбайжандар. Неміс тілі, кәріс, поляк тілдері секілді, аталған осы үш тіл өз тәуелсіз мемлекеттерінде қолданыста. Алайда беларустар, армян, әзірбайжандардың көбісі тәуелсіз Қазақстанға жер аударылмаған және тіпті жер аударылғандардың ұрпақтары да емес. Армян мен Әзірбайжан тілдері, әлбетте, өз тәуелсіз мемлекеттерінде халықтың басым көпшілігі қолданытын тілдер. Ал Беларусь тілінің жағдайы өз туған отанында да аз деңгейде қолданыста және Қазақстанда да орыс тілімен ассимиляцияға ұшырау салдарынан белорус тілінің тағдыры бұлыңғыр көрінеді. Армян мен әсіресе әзірбайжан тілдерінің жағдайы бұл тұрғыдан қарағанда әлдеқайда жақсы болуы мүмкін.

Қазақстанға депортацияланған басқа халықтардың ешқандай дәстүрлі тілдерінің сақталуына септігін тигізе алатын тәуелсіз мемлекеттері жоқ. Олардың тарихи отандары Ресейде (шешен, қарашай, қалмақ, балқарлар, ингуштар), даулы аумақтарда (қырым татарлары) және басқа да совет мемлекеттерінде орын тапқан (гагауз, месхеттер). Егер Месхетин түрікшісі түрік тілінің бір диалектісі деп қарастырылатын болса, бұл тіл Түркияда, одан тыс жерлерде және Қазақстанда да аса кең қолданысқа ие. Алайда, егер месхетиндер тілі жеке тіл болып саналса (ғалымдар арасында даулы мәселе), бұл тіл жоғалып барады.

Ресей және Молдовадағы автономиялық территориялардан жер аударылған халықтардың тілдері, тіпті дәстүрлі тұрғылықты жерлерде де өте сирек, қолданысқа ие болған жағдайда да тек бастауыш сыныптарда тілді оқыту мақсатында қолданылады, бұл тілдердегі басылымдар өте аз және жариялым саны шектеулі.

Сондықтан, бұл халықтардың Қазақстандағы бауырларына және олардың тілінің сақталуына үлкен көмек беруі екіталай. Аталған тілдердің алдындағы ең үлкен кедергі – олардың диаспораларының салыстырмалы түрде саны аз. Мысалы, шешендер мен ингуштар 32000 және 17000 адамды құрайды. Қалған топтар 1000-3000 немесе одан да аз адам санынан тұрады.

Аталмыш жағдайда, Қазақстандағы аумақтық шағын халық ассамблеялары жер аударылған халықтардың тілдерін сақтап қалуда маңызды рөл ойнауына мүмкіндік бар. Заманауи технологияларды да, әсіресе халық сирек орналасқан аудандарда, қолданған абзал. Тәуелсіз отандары бар халықтардың жағдайы ерекше жақсы болуы мүмкін, алайда «отандағы» тіл түрі Сталин жер аударып жіберген халықтардың тіл түрінен біршама өзгеше.

Қазақстанға депортацияланған ұлттардың тілі мен мәдениетінің жағдайы, Құрама Штаттардың байырғы халқының тілінің қайғылы жағдайына ұқсас. Қазіргі таңда бұл тілдердің көбісі жойылу қаупі үстінде, кейбірі жойылып жатыр және кейбірі жойылып та үлгерді. Кейбір топтар туған жерінде шоғырланған, ал көбі тарап кеткен. Ол халықтардың өз тәуелсіз елінде демеушілері де жоқ және бұл халықтардың барлығы да федералды және жергілікті биліктің қолында қайғылы тағдырға тап болған. Олардың тілдерін сақтау, бұл қайырымды іс болып табылады.

Дегенмен, бұл сайып келгенде, Қазақстанға депортацияланғандардың жағдайы секілді, ең соңғы сөз бүгінгі және ертеңгі ұрпақтар жайлы шешім қабылдайтын сөйлеушілер қауымына байланысты.

Әрине, Қазақстан Үкіметі бұрынғы Қазақ ССР кезіндегі депортация мәселесі үшін жауап бермейді. Сондықтан, бұрынғы кеңес үкіметі кезінде келген халықтардың тілдерін қолдауға жауапты емес.

Америка Құрама Штаттарында сондай-ақ Қазақстанда да өткен замандағы саясатының салдарынан зардап шеккен халықтарға Үкімет тарапынан сол халықтардың тілдеріне қолдау көрсету барысындағы көмек өте маңызды болуы мүмкін. Ал, Қазақстанда болса, жергілікті



тұрғындар топтары мен ассамблеялар тарапынан көрсетілген көмек аса маңызды рөл ойнауы мүмкін. Бірақ Қазақстаннан айырмашылығы, АҚШ-та мемлекеттік тіл үлкен басымдылыққа ие. (Дәлірек айтқанда, АҚШ-та «мемлекеттік тіл» ұғымы қалыптаспаған, алайда ағылшын тілі халықтың басым көпшілігі тұтынатын тіл болып есептеледі) Алайда, Қазақстандағы жағдай мүлдем бөлек. Сондықтан, Мемлекет осы елге депортацияланған және қазіргі кезде осында тұрып жатқан басқа да топтардың тілдерін қорғағандықтан, осы елдің мемлекеттік тілі – қазақ тілін білу және қолдану үшін тиімді шаралар қабылдауы қажет және бұл шаралар бүгінгі күнге дейін қабылданған шаралардан әлдеқайда тиімдірек болу керек.

Әдебиет

1. Hinton, L., & Hale, K. The Green Book of Language Revitalization in Practice. San Diego: Academic Press, 2001.
2. Native Languages of the Americas: Preserving and promoting American Indian languages (website <http://www.native-languages.org/index.htm#links> accessed 1 November 2015).
3. Nekrich, Aleksandr M. The Punished Peoples. New York: Norton, 1978.
4. Депортация народов в Казахстан в 1930-1950 гг: общность истории. (Серия «Устная история») Астана, 2013.
5. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы: «Арыс» - «Казахстан», 1998.
6. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов / Отв. редактор Л.Д. Дегитаева. - Алматы: Казахстан, 1998.

УДК 81'373.234

СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ АНАЛИЗ БАШКИРСКОЙ ДИАСПОРЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Шаймердинова Н.Г.

Евразийский Национальный Университет имени Л.Н.Гумилева, Астана

Проведенные исследование культуры, истории, языка тюркских народов в рамках международного проекта "Взаимодействие истории, культуры, языка тюркских народов в постсоветском Казахстане" показали, что историко-культурная и языковая ситуация на севере Казахстана существенно отличается от южного Казахстана. В данной статье речь пойдет о башкирах, которые наряду с другими тюркскими народами такими, как татарами, чувашами, азербайджанцами, киргизами и другими, проживают в северном и центральном регионе Казахстана.

Исторически башкиры издревле проживали в южной части Уральских гор, были составной частью кимако-кыпчакского государства в домонгольский период, о чем свидетельствуют арабские, китайские источники, а также русские летописи, освещающие исторические, политические, культурные аспекты деятельности Дешт-кыпчакского государства в Центральной Азии. Освещая этнический состав кимакского государства С.М.Ахиянжанов пишет: "Наряду с довольно древними племенами, входившими еще в состав кимакского союза племен (йемек) или существовавших самостоятельно, таких, как (баджна-печенеги, башкиры, уз-гузы, манкуроглы) встречаются и новые этнические наименования" [1, с.267].

В Казахстане башкиры вместе с татарами оказались волей решений царского правительства еще с конца XVIII в., когда началась массовая колонизация казахских земель, Степного края, повлекших за собой развитие торговых отношений и экономическое, культурное развитие городов региона Петропавловска, Омска, Уральска, Кустаная, Актюбинска, открытие медресе, школ, культурных центров [2, с.150]. Казахская земля привлекала башкир благожелательным отношением коренного населения, близостью языка, единой верой, сходством национальных и социокультурных проблем.

Как показывает проведенное исследование по проекту, многие башкиры переехали в